

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойғал

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 02 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 4222 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімінің 2017 жылғы 3 қазандағы № 05 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімінің 03.10.2017 № 05 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабы және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес Қарқаралы ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қасым Аманжолов ауылдық округінің Аққора, Ақбай-Қызылбай, Белдеутас, Сарыобалы, Талды ауылдарында, Балқантау ауылдық округінің Айнабұлақ, Қарабұлақ ауылдарында, Бесоба ауылдық округінің Бесоба, Қарашоқы, Қызылту ауылдарында, Жаңатоған ауылдық округінің Ежебай, Жаңатоған ауылдарында, Қайнарбұлақ ауылдық округінің Аппаз, Жалпақшілік, Милыбұлақ, Саз ауылдарында, Қаракөл ауылдық округінің Қаракөл ауылында, Қаршығалы ауылдық округінің Жанажол, Көктас, Саумалкөл ауылдарында, Қырғыз ауылдық округінің Борлыбұлақ, Бүркітті, Жәнібек, Кент, Талды ауылдарында, Қоянды ауылдық округінің Атантай, Қоянды ауылдарында, Нығмет Нұрмақов атындағы ауылдық округінің Бастал, Өсібай, Көлбасы ауылдарында, Нұркен Әбдіров ауылдық округінің Ақшоқы, Жарлы, Жекежал ауылдарында, Тәттімбет ауылдық округінің Ақтасты, Шілдебай ауылдарында, Тегісшілдік ауылдық округінің Жарлы, Қарынши, Тегісшілілік ауылдарында, Темірші ауылдық округінің Айнабұлақ, Қараағаш, Татан ауылдарында, Томар ауылдық округінің Томар ауылында, Уғар ауылдық округінің Матақ ауылында, Мартбек Мамыраев ауылдық округінің Ақжол

ауылында, Ынтылы ауылдық округінің № 5 Разъезінде, Ынтылы ауылында және Қарағайлы кентінде қардың көп еруінің және су тасқынына байланысты табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімінің 01.06.2017 № 04 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Садуақасов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімі

К. Максұтов